

**Tabys мобильді қосымшасы  
Клиенттік келісім**

**МАҢЫЗДЫ** – СІЗ ҚОСЫМШАНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖҮРГІЗЕТІН БАРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ РЕТТЕЙТІН ОСЫ КЛИЕНТТІК КЕЛІСІММЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫП ШЫҒУЫҢЫЗ КЕРЕК. AIX FM ӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІН ОСЫ КЛИЕНТТІК КЕЛІСІМНІҢ БАРЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛАПТАРЫН СІЗ ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КЕЛІСКЕН ЖАҒДАЙДА ҒАНА ҰСЫНАДЫ. СІЗ ОСЫ КЕЛІСІМДІ АЛҒАНЫҢЫЗДЫ, ОҚЫП ШЫҚҚАНЫҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ТҮСІNETІНІҢІЗДІ ЖӘНЕ ОСЫ КЕЛІСІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАСҚА ҚҰЖАТТАРМЕН БІРГЕ ОНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ҰСТАНУҒА МІНДЕТТЕНЕТІНІҢІЗДІ РАСТАЙСЫЗ.

Осы Клиенттік келісім («**Келісім**») бұдан әрі бірлесіп «**Тараптар**», ал жеке-жеке «**Тарап**» деп аталатын

(1) АХҚО Заңнамасына сәйкес тіркелген AIX FM Limited («**AIX FM**») жеке компаниясы

және

(2) осы Келісімді сөзсіз қабылдайтын жеке тұлға (бұдан әрі – «**Клиент**») арасында жасалды.

## **1. КІРІСПЕ**

Осы Келісімде сіз Қосымша арқылы AIX FM-нан алатын бағалы қағаздарды сатып алу және оларды AIX FM пайдасына сату бойынша Тараптардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін талапшарттар жазылған.

Осы Келісім Клиент Қосымша арқылы осы Келісімді айқын және саналы түрде қабылдағаннан кейін күшіне енеді. Тараптар кез келген қолданылатын АХҚО заңнамасы оның кейінгі өзгерістерімен қоса өзіне қатысты міндетті екендігін осы арқылы және әрқашан мойындайды.

## **2. АНЫҚТАМАЛАР**

«**қолданылатын заңнама**» немесе «**АХҚО заңнамасы**» «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қолданыстағы құқығы шеңберіндегі кейінгі өзгерістерін ескерілетін кез келген қолданылатын заңнаманы білдіреді;

«**AIX тобы**» AIX FM Limited (AIX FM) жататын компаниялар тобының кез келген үлестес тұлғасын білдіреді;

«**Тіркеуші**» «Астана» халықаралық қаржы орталығының Тіркеушісі» жеке компаниясын білдіреді;

«шот» Тіркеуші басқаратын бағалы қағаздар тізілімінде сіз үшін құрылған жеке шотты білдіреді;

«жұмыс күні» кез келген жұмыс күнгі Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 9:00-ден 18:00-ге дейінгі АІХ FM трейдингтік объектілері сауда-саттық үшін ашық болатын уақытты білдіреді (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мереке күндерінен басқа);

«Мобильді қосымша» немесе «Қосымша» Қызметтер көрсетуге арналған және Қызметтер көрсету шарттарына сәйкес кез келген құрылғыға жүктеп алуға болатын «Tabys» мобильді қосымшасын білдіреді;

«тапырыс» бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға және Тіркеушінің тізіліміндегі сіздің шотыңыздан оларды тиісінше есептен шығаруға немесе шотыңызға енгізуге сіз АІХ FM Қосымшасы арқылы берген сұрауды немесе кез келген басқа осы сияқты сұрауларды білдіреді;

«профиль» сіздің Қосымшадағы жеке проиліңізді білдіреді.

«Байланысты құжаттар» өзара байланысты, осы Келісімге қатысты болып табылатын және Клиент оларды қабылдайтын және ұстануға келісетін Құпиялылық саясатын, Қызметтер көрсету шарттарын және Тіркеушімен келісімді білдіреді.

«бағалы қағаз» АХҚО заңнамасына сәйкес шығарылған акцияны, борыштық міндеттемені, борыштық қолхатты, сертификатты, құрылымдалған қаржылық өнімді, үлеспұлды білдіреді

«Қызметтер» веб-сайтты, Қосымшаны және сізге АІХ FM-нан бағалы қағаздарды сатып алу және оларды АІХ FM пайдасына сату үшін Қосымша арқылы ұсынылатын барлық қызметтерді білдіреді.

«Клиент», «сіз», «сіздің» және «сіздердің» Қосымшаның пайдаланушысы және осы Келісімнің Тарабы болып табылатын жеке тұлғаны білдіреді.

«біз», «бізді» және «біздің» АІХ FM мен бүкіл Мобильді қосымшаның немесе оның бөлігінің жұмысын қамтамасыз ету үшін тағайындалатын кез келген агенттерді білдіреді;

«вебсайт» домені [www.tabysapp.kz](http://www.tabysapp.kz) ретінде тіркелген Қосымшаның интернет-сайтын білдіреді.

Осы Келісімде тақырыптар тек ыңғайлылық үшін ғана келтірілген және Келісімді түсіндіру немесе интерпретациялау кезінде назарға алынбауы тиіс.

### **3. ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ БІЗБЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР**

3.1. Осы Келісімнің қолданылуы кезеңінде біз сізге осы Келісімге сәйкес Қызметтер ұсынатын боламыз.

3.2. Өздігінен басқарылатын шот. Сіз ашқан шот дербес және сізбен басқарылатын болып табылады және Қосымшада орналастырылған барлық сатып алу мен сату, шешімдер мен тапсырмалар үшін сіз жауапкершілікте боласыз. Сіз өзіңіздің инвестициялық стратегияңызды құрасыз, соның ішінде өзіңіздің инвестициялық шешімдеріңізден шыға отырып, тек қана өзіңіздің жауапкершілігіңізбен Қосымша арқылы қандай да бір ерекшеліктерсіз кез

келген бағалы қағаздарды иелену, сатып алу және/немесе сату туралы шешімдерді өзіңіз қабылдайсыз. Сіз бағалы қағаздарға жасалатын инвестициялардың барлығы тәуекелмен байланысты екендігін және сіз инвестициялардың, мәмілелердің және олармен байланысты кез келген тәуекелдердің мақсатқа сәйкестілігін анықтау үшін жекеше жауапкершілікте болатыныңызды түсінесіз және онымен келісесіз. Сіз Қосымша арқылы қолжетімділік алатын қызметтер қандай да бір бағалы қағаздарға инвестициялауға ұсыныс болып табылмайды.

3.3 Клиент барлық тапсырыстар мен нұсқаулардың (тапсырмалардың) Қосымша арқылы жіберілуі тиістігімен келіседі және Тіркеушіге жіберілген сіздің деректеріңізге AIX FM-нің қолжетімділігі бар болатынымен және оларды пайдаланатынымен сіз келісесіз. Клиент оның тапсырыстарын бағыттауға біздің ауық-ауық қатысуымыздың немесе Клиентке Қосымша арқылы оның транзакцияларын жүргізуге өзге де түрде көмектесуіміздің қажеттігін мойындайды және түсінеді, сондықтан Клиент осы арқылы оның тапсырыстарын, нұсқауларын, хабарламаларын немесе басқа да ақпаратты қажет болған кезде Тіркеушіге жіберуге осы арқылы рұқсат етеді.

3.4. Алымдар мен төлемдер. Клиент бағалы қағаздар сатып алуға арналған барлық комиссияларды, алымдарды, салықтарды және ұсынылған Қызметтер үшін басқа да алымдарды төлейді, бұл ретте AIX FM мұндай сомаларды сіздің банк шотыңыздан/картаңыздан Клиенттің алдын ала келісімінсіз есептен шығара алады. Ұсынылған Қызметтер үшін Клиентке қолданылатын алымдар мен комиссиялардың сомаларын AIX FM өзгерістерді Қосымшада немесе өзінің веб-сайтында жариялау жолымен немесе электрондық поштамен тиісті хабарлама жіберу жолымен кез келген уақытта өзгерте алады.

Клиент сонымен қатар оның Тіркеушіге беруге жататын алымдарын төлеуді AIX FM жүргізе алатындығымен келіседі және бұл Клиентпен агенттік келісімдердің бар болуы болып табылмауы және солай түсінілмеуі тиіс. Операциялар бойынша төлеудің өзге талаптары осы Келісімнің 4.7 – 4.9 тармақтарында көрсетілген.

3.5. Мәлімдеулер мен растаулар. Клиент мәмілелерді растаулармен қоса, өзінің профиліндегі барлық хабарламаларды, мәлімдемелерді, сонымен қатар басқа, соның ішінде AIX FM электрондық поштамен жіберген хабарларды, кідіртпей қарап отыруы тиіс.

Мұндай құжаттар Клиенттер үшін міндетті болып саналады.

3.6. AIX FM ақша қаражатын аудару туралы тапсырмаларды қабылдау және оларға сәйкес іс-әрекеттерді орындау кезінде кез келген қауіпсіздік процедуралары мен Қызметтерді, Клиенттің профилін, шотын және Қосымшаны пайдаланатын басқа да тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін мақсатқа сәйкес және қажетті деп саналатын әрекеттерді орындау құқығын өзінде сақтайды.

3.7. Қосымшада сатып алу және сату үшін қолжетімді бағалы қағаздар AIX FM-мен үлестес ұйымдармен шығарылғанына Клиент келіседі және оны түсінеді.

3.8. Куәландырулар мен кепілдіктер. Байланысты құжаттарда көрсетілген басқа да куәландырулар мен кепілдіктерге қосымша, сіз мыналарды куәландырасыз және кепілдендіресіз:

- Қосымша арқылы бағалы қағаздармен операциялар жасауға сіздің құқыңыз бар;
- Сіз берген ақпарат шынайы, толық және дәл болып табылады және жаңылдырмайды және сіз мәліметтердегі кез келген өзгерістер туралы кідіртпей бізге хабарлауға келісесіз, олардың қатарына, өзгелерден басқа, толық аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен деректемелері, пошталық мекенжай, банктің немесе шоттың деректемелері, мәмілені қаржыландыру көзі, саяси салмақты тұлғаның мәртебесін қоса, біздің Қызметтер көрсетуіміз үшін қажет кез келген дербес ақпарат және біз негізде түрде сұратқан кез келген басқа ақпарат, егер біз талап етсек, тиісті растаушы құжаттары беріле отырып;
- Клиент оның дербес деректерін өңдеу Байланысты құжаттардың ережеліне сәйкес жүзеге асырылатынын растайды. Осы арқылы Клиент АІХ FM мен оның үлестес тұлғаларына, соның ішінде қызметкерлеріне, агенттеріне және мердігерлеріне біздің Қызметтер көрсетуіміз үшін және қолданылатын заңнамаға сәйкес Клиенттің дербес деректерін пайдалануға және өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық табыстауды қоса, жинау, өңдеу, сақтау және тарату үшін) өзінің келісімін сөзсіз береді;
- Сіз (i) біздің Қызметтер көрсетуіміз үшін; (ii) Қосымша арқылы бағалы қағаздармен операциялар жүргізу үшін, сонымен қатар сіздің тиісті міндеттемелеріңізді орындау үшін; (iii) АХҚО Заңнамасының және қылмыстық жолмен алынған табысты заңды деп тануға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау үшін барлық іс-әрекеттерді орындадыңыз және орындауға, сонымен қатар сұратылған барлық қажетті құжаттарды беруге міндеттенесіз;
- Қосымша арқылы бағалы қағаздармен мәміле жасау қандай да бір қолданылатын заңдарды бұзушылық болып табылмайды және бұзуға әкелмейді;
- Қосымша арқылы бағалы қағаздармен мәміле жүргізу мақсаттары үшін сіз өз атыңыздан іс-әрекет етесіз және үшінші тараптардың атынан қатыспайсыз;
- Сіз осы Келісіммен танысып шыққаныңызды, оны түсінетініңізді және қабылдайтыныңызды және оның барлық талапшарттары мен талаптарын, сонымен қатар Байланысты құжаттарда көрсетілген ережелерді ұстануға келісесіз.

#### **4. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (ОПЕРАЦИЯЛАР)**

4.1. Инвестициялауға қатысты тәуекелдер. Бағалы қағаздарға жасалатын инвестициялар бірқатар тәуекелмен, соның ішінде, өзгеден басқа, бағаның құбылмалы кезеңдеріндегі залалдар тәуекелімен байланысты; сондықтан бағалы қағаздармен транзакцияларға қатысты Қосымша арқылы жасалатын балық инвестициялық шешімдер сіздің өзіңіздің тәуекеліңізбен қабылданатынын және сіз қаржылық тұрғыдан мұндай тәуекелдерге баруға және болуы мүмкін залалдарға төтеп беруге дайын екеніңізді сіз мойындайсыз және түсінесіз.

AIX FM және оның кез келген үлестес тұлғалары мұндай тәуекелдермен байланысты жауапкершілік алмайды. Нақты бағалы қағаздармен байланысты тәуекелдер туралы ақпарат <https://www.aix.kz/listings/for-listed-companies/prospectus/> сілтемесі бойынша жалпы қолжетімділікте бар тиісті проспектілерде орналастырылады. Сіз проспектіні алғаныңызды және бағалы қағаздарды сатып алардың алдында онымен танысып шыққаныңызды растайсыз.

4.2. Тапсырыстарды орындау. Қосымшада сіз бағалы қағаздарды Қосымша арқылы сатып алу немесе сату опциясын таңдап, тапсырыстарды Қосымша арқылы AIX FM мен Тіркеушіге жолдай аласыз. Бағалы қағаздардың құны өзгеруі мүмкін, ал іс жүзіндегі баға мен сомасы сіз тапсырыс орналастырған жұмыс күнгі сағат 17:00-де анықталатын болады және де сіз бұл туралы тиісті хабарлама аласыз. Іс жүзіндегі баға тапсырысты рәсімдеу кезіндегі бағадан айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін. Тапсырыс сіз 16:00-ге дейін тапсырысты орналастырған жұмыс күні, кейін сіздің банк картаңызға немесе сіздің банк картаңыздан тиісінше төлемдер енгізіліп және алынып, сіздің Тіркеушідегі шотыңыздан немесе шотыңызға бағалы қағаздар тиісінше есептен шығарылып және енгізіліп орындалады, бұл туралы сізге хабарланады. Біз сіздің тапсырыстарыңыз бірден орындалатынын немесе біздерге байланысты емес қандай да бір мән-жайлардың салдарынан жалпы орындалатынын кепілдендіре алмаймыз, өйткені мұндай бағалы қағаздар өтімсіз құрал болуы мүмкін, ал тапсырыстарды орналастыру мұндай тапсырыстардың орындалатынын кепілдендірмейді.

4.3 Тапсырыстарды жою. 16:00-ге дейін берілген тапсырыстарды осы жұмыс күнгі сағат 16:00-ге дейін кез келген уақытта «Менің тапсырыстарым» тарауында жоюға болады. 16:00-ден кейін берілген тапсырыстар сіз оны растаған жағдайда ғана келесі жұмыс күні орындалады және сіз мұндай тапсырыстарды келесі жұмыс күнгі 16:00-ге дейін жоя аласыз.

4.4. Кешіктірілу мен бас тарту. Біз кез келген тапсырысты, соның ішінде бұл тапсырыстың сіздің қосымша тексеруіңізді және/немесе түсіндіруіңізді талап ететінін анықтағанымыздың негізінде, қабылдамай қайтара аламыз немесе біздің қарауымыз бойынша оның орындалуын кейінге қалдыра аламыз. Сіз сонымен қатар нақты бағалы қағаз бағасының және көлемінің тұрақсыздығы кезеңдерінде немесе жүйелік проблемалар сатып алуға немесе сатуға тапсырыстарды орналастырудың немесе орындаудың мүмкінсіздігіне әкелгенде, сіздің шығынға ұшырауыңыз мүмкін екенін растайсыз. Сіз тапсырыстарды орындаудан бас тарту салдарынан және олардың орындалуын кешіктіруден немесе жүйенің тұрақсыздығынан туындаған залалдар үшін біздің

жауапкершілік алмайтынымызды сіз растайсыз. Егер транзакция сәтсіз болса, сіздің тапсырысыңыздан бас тартылады және сіз бұл туралы тиісті хабарлама аласыз. Тіркеушідегі шот бұғатталған жағдайда, тапсырыстар қабылданбай қайтарылады.

4.5. Сауда-саттық шектеулері. Біздің мүдделерімізді қорғауымыз және өзімізге алған міндеттемелерімізді орындау мақсаттарында біз Клиентке хабарлаусыз кез келген іс-әрекет қабылдауға құқылымыз. Біз сонымен қатар сауда-саттыққа, төлемдерге шектеулер белгілеу және бағалы қағаздарды сатуға және/немесе сатып алуға басқа да шектеулер орнату құқығын өзімізге қалдырамыз. Егер біз алаяқтыққа, әрекетке толық емес қабілеттілікке, тиісті емес қызметке орынды күдігіміз бар болса немесе егер біз кейбір немесе барлық активтерге меншік құқығы даулануда екендігі туралы алдын ала хабарлама алсақ, біз сіздің шотыңыздан қаражат алуға немесе сауда-саттыққа қатысуға тыйым сала аламыз. Сіз қаражатты немесе бағалы қағазды орналастыруға, алуға немесе транзакцияға рұқсат беруден бас тартуымыздың нәтижесінде сіздің көтеруіңіз мүмкін залалдар үшін бізге жауапкершілік жүктемейтін боласыз.

4.6. Төлемдерді есептеу. Клиентпен санкцияланған тапсырыстардың барлығы Клиент кез келген сатып алуды есеп айырысу күні немесе оған дейін төлеу шартымен өңделетін болады. Клиент орналастыратын сатып алуға арналған тапсырыстардың барлығы Клиент тапсырысты орналастыру мезетінде Клиентке тиесілі бағалы қағаздарға жатқызылатын болады.

4.7. Бағалы қағаз сатып алу бойынша қандай да бір транзакцияны орындаудың алдында Қосымша сіздің бағалы қағаздар сатып алуға арналған тапсырыстардың сомасын (осы күнге берілген алдыңғы тапсырыстармен бірге) АІХ FM алдын ала анықтаған шектік сомаға қатысты тексереді. Сіздің тапсырысыңыз (осы күнге берілген алдыңғы тапсырыстармен бірге) шектік сомадан асатын болса, бұл тапсырыстан бас тартылады және сіз Қосымшада бұл туралы тапсырыс сомасын өзгерту немесе осы тапсырысты келесі жұмыс күні жіберу туралы ұсыныспен қоса хабарлама аласыз.

4.8. Біз кез келген тапсырысты қабылдағанға дейін толық төлем жасауды талап ету құқығын өзімізге қалдырамыз. Клиентте мәмілені және/немесе ол бойынша есеп айырысуды орындағанға дейін тиісті шотта (банкте немесе Тіркеушіде) қажетті бағалы қағаздар және/немесе жеткілікті қаражат болуы тиіс.

4.9. Егер Клиенттің шотында жеткілікті қаражат немесе бағалы қағаздар жоқ болса, АІХ FM мұндай транзакциядан бас тартуға немесе бағалы қағаздарды Клиенттің есебінен сатып алуға құқылы және Клиент кез келген байланысты шығыстар немесе залалдар үшін жауапкершілікте болады.

4.10. Купондар және дивидендтер. Купондар/дивидендтер бойынша төлем бағалы қағаздар эмитентіне байланысты және бағалы қағаздар бойынша дивидендтер/купондар төлеуге дейін бірнеше күн бұрын Қосымша эмитент анықтаған күнге купондар/дивидендтер сіздің банк картаңызға теңгемен төленетіні туралы сізге хабарлама жібереді (Тіркеушідегі сіздің шотыңызда тиісті бағалы қағаздар бар болған жағдайда).

## 5. КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДЕРБЕС ИНВЕСТОР

5.1. Клиент дербес және тәуелсіз инвестор ретінде әрекет етеді және қайсыбір инвестициялық стратегияның, транзакцияның немесе бағалы қағаздың мақсатқа сәйкестігі үшін немесе оларды қолдану үшін жауапкершілікте болады. AIX FM де, оның қандай да бір үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері де кез келген осындай шешім үшін жауапкершілік алмайды және нақты мәмілені жасасу туралы немесе сатып алу, сату немесе белгілі бір бағалы қағаздарға иелік ету туралы ешқандай ұсынымдар бермейді.

5.2. Сіздің шотыңызда немесе профилиңізде сіздің инвестицияларыңызды қадағалау немесе қарау шартпен немесе міндеттемелермен көзделген жағдайларды қоспағанда, сіздің шотыңызға, профилиңізге қатысты бізде дискрециялық өкілеттіктер жоқ.

5.3. Сіз осы арқылы бағалы қағаздарды аударуға тапсырыстарды, сонымен қатар Мобильді қосымша арқылы жасасылған барлық транзакцияларды қоса, сіз AIX FM-ге және Тіркеушіге жіберген барлық тапсырыстардың, нұсқаулардың (тапсырмалардың) және хабарламалардың тиісінше түрде сізбен санкцияланғанын кепілдендіресіз.

5.4. Біз ұсынған кез келген зерттеулер, талдама, жаңалықтар немесе басқа да ақпарат бағалы қағаздардың нақты түрін сіздің сатып алуыңыз, сатуыңыз немесе ұстауыңыз керек-керек еместігі туралы жеке ұсыным болып табылмайды.

## **6. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БОЛДЫРМАУ**

6.1 AIX FM және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері Клиенттің немесе бағалы қағаздар эмитентінің осы Келісімнің талапшарттарын AIX FM орындауы кезінде және осы Қосымшанң бар болуы уақытында туындаған міндеттемелері, соның ішінде бағалы қағаздар эмитентінің бағалы қағаздардың ұстаушысы болып табылатын Клиенттердің алдындағы міндеттемелері үшін жауапкершілікте болмайды.

6.2. Қандай да бір күмән тудырмас үшін, Клиенттің AIX FM Қызметтерін ұсыну кезінде, қандай да бір тапсырыстарға, тапсырмаларға (нұсқауларға), келісімдерге, деректерге сәйкес туындаған немесе Клиент Қосымша арқылы («Құқықтар мен Міндеттемелер») жасасқан барлық мәлімдемелері, кепілдіктері, құқықтары, міндеттемелері мен міндеттері AIX FM-нің Құқықтары мен Міндеттемелері болып табылмайды, бірақ Клиенттің Құқықтары мен Міндеттемелері болып табылады.

6.3. Ешқандай, оның ішінде осы Келісімге және Байланысты құжаттарға сәйкес келісім немесе әрекет қандай да бір бірлескен жауапкершілікті көздемейді, ал Клиент осы Келісім шеңберіндегі өзінің міндеттемелері бойынша жекеше жауапкершілік алады.

6.4. Қолданылатын заңнаманың барлығында белгіленген жағдайларда, ешқандай мән-жайда AIX FM және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері біздің Қызметтер көрсетуіміз кезінде



сіздің бағалы қағаздар сатып алуыңызға және сатуыңызға қатысты, өзгеден басқа, беделді жоғалту, пайданы жіберіп алу салдарынан болған залалдарды қоса, кез келген тікелей, жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін немесе кез келген жоғалу, ұрлық немесе сіздің ақпаратыңыздың бұрмалануы үшін сіздің алдыңызда жауапкершілікте болмайды.

6.5. AIX FM және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері, тіпті оларға өзгеден басқа, қатеден, қапылықтан, арасы үзілуден, ақаулықтан, орындамаудан, санкцияланбаған пайдаланудан, жұмыстағы немесе берудің кешіктірілуінен, желінің жаңылысынан, компьютерлік вирустан, құрт-бағдарламадан, «троян атынан» немесе басқа түрдегі зиян мен бүлінулерден туындаған залалдарды қоса, мұндай залалдың мүмкін екендігі туралы хабарланса да, жауапкершілікте болмайды.

## 7. ӘР ТҮРЛІ

7.1. Ережелердің автономдылығы. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесі қазіргі немесе келешектегі заңнамаға сәйкес заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын деп танылса, мұндай ережелер толығымен автономды болады. Бұл жағдайда: (1) осы Келісім мұндай заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын ереже ешқашан осы Келісімнің бір бөлігі болмағандай немесе оған заңдылық пен жарамдылық беру мақсатында өзгертілгендей және түсіндірілуі және қолданылуы тиіс (2) осы Келісімнің қалған ережелері толық күшінде қалады және заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын ережелермен немесе қолданылатын заңнамамен рұқсат етілген дәрежеде оларды осы Келісімнен бөлумен өзгертіле алмайды.

7.2. Мақсаттық бет (Landing page). Қосымшада сізге профиль ашылған кезде ұсынылатын және веб-сайт арқылы қолжетімді және Қосымша мен шот туралы маңызды ақпарат бар Қосымшаның мақсаттық бетіне сілтеме бар. Клиент тапырыстардың өңделуі, қаражат алу және жіберу, осы Келісімнің және Байланысты құжаттардың мәтіндері, сонымен қатар шот пен профиль туралы басқа да жалпы мәліметтер туралы қосымша ақпарат білу үшін мақсаттық бетті қарауы тиіс.

7.3. Уағдаластықтардың бүкіл көлемі. Осы Келісім мен Байланысты құжаттар сіз бен біздің арасымыздағы ажырамас заңды түрде міндетті және толық келісім болып табылады және біздің арасымыздағы жазбаша болса да немесе ауызша болса да оның нысанасына қатысты барлық бастапқы мәліметтерді, келісімдерді, уәделерді, сендірулерді, кепілдіктерді, мәлімдемелерді, уағдаластықтарды алмастырады, сонымен қатар жоққа шығарады. Клиент осы Келісімді жасасқан кезде қандай да бір мәлімдемелерге немесе кепілдіктерге сенім артпайтынын немесе осындай мәлімдемелерге немесе кепілдіктерге қатысты осы Келісімде және/немесе Байланысты құжаттарда жазылмаған қандай да бір құқықтық қорғау құралдары жоқтығын (білмегендіктен немесе салақтықтан айтылған) мойындайды.

Осы Келісімнің түпнұсқасы орыс тілінде жасалды. Егер ол кез келген басқа тілге аударылған болса, орын тіліндегі мәтін басымды күшке ие

7.4. Құқықтар мен міндеттерді табыстау. Біздің алдын ала жазбаша келісімімізді алмай осы Келісімді беруге немесе осы Келісім бойынша қандай да бір құқықтар мен міндеттерді табыстауға сіздің құқыңыз жоқ. Біз осы Келісім бойынша біздің құқықтарымыз бен міндеттерімізді немесе олардың кез келген бөлігін сіздің алдын ала келісіміңізсіз кез келген уақытта табыстай аламыз.

7.5. Хабарлаулар. Біз кез келген хабарлама мен ескертпелерді сіз берген телефоныңыздың нөміріне, электронды поштаңызға, пошталық мекенжайға немесе кез келген басқа тәсілдермен жолдай аламыз. Біз сонымен қатар хабарламалар мен ескертпелерді Қосымшада жариялауымыз мүмкін. Хабарламалар мен ескертпелер оларды біз жібергенде, сіздің қараған-қарамағаныңызға байланыссыз, сізге жеткізілген болып саналады

7.6. Электрондық құралдар көмегімен қабылдау. Құжаттар мен тапсырыстарға қол қою және онлайн растау үшін сіздің электрондық қол қоюды пайдалануыңыз сіз оларға қолыңызды қолмен қойғаныңыз сияқты сізді заңды түрде **тежейтіндігімен** сіз келісесіз. Осы Келісімнің және онда аталған басқа да құжаттардың электрондық нұсқаларын пайдалану олардың сізге жазбаша түрде берілуі тиістігі туралы кез келген талапты толығымен қанағаттандырады. Сіз бұл құжаттарды оқығаныңызды және түсінгеніңізді растайсыз және бізбен істерді электрондық байланыс құралдарының көмегімен жүргізуге келісесіз. Сіз веб-сайттар мен Қосымшаны өзгерістер мен модификациялауға қатысты ауық-ауық тексеріп тұруға міндеттісіз.

7.7. Үшінші тараптардың құқықтары. АХҚО-ның Шарттар туралы ережелерінің 10-бөлігіне сәйкес (Үшінші тараптардың құқықтары), Тіркеушіні қоспағанда, осы Келісімнің тарабы болып табылмайтын тұлға оның қандай да бір талаптарын қолдануға құқысыз.

7.8. Өзгерістер. Біз Клиентті алдын ала хабарландырусыз осы Келісімге өзгерістер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз. Осы Келісімнің ағымдағы нұсқасы Қосымша арқылы берілетін болады, ал осындай өзгеріс қабылданғаннан кейінгі сіздің профильдегі және шоттағы одан арғы белсенділігіңіз Келісімге енгізілген барлық өзгерістермен оларды сіздің қарағаныңыз-қарамағаныңызға байланыссыз келісетініңізді білдіретін болады. Біз Келісімге енгізу үшін жіберілген қандай да бір ауызша мәлімдемелерді ескеруге міндетті емеспіз.

7.9. Келісімді бұзу. Біз осы Келісімді тоқтата тұруға немесе бұзуға немесе сізге Қызметтер көрсетуді тоқтатуға құқылымыз. Бұл Келісім сіздің профилиңіз бен шотыңызды Қызметтер көрсету шарттарында көрсетілгендей жапқаннан кейін ғана бұзылаиын болады. Егер Байланысты құжаттардың кез келгенінің қолданылуы тоқтатылса, осы Келісім бұзылған болып саналады.

7.10. Форс-мажор. Біз осы Шарт бойынша міндеттемелердің толығымен немесе жартылай орындалмағаны, өзгеден басқа, форс-мажорлық мән-жайларды қоса, біздің орынды бақылуымыздан тысқары мән-жайлар тікелей немесе жанама түрде туындатқан залалдар үшін жауапкершілік алмаймыз.

«Форс-мажор» өзгеден басқа, келесі оқиғаларды қоса, тараптың орынды бақылауынан тысқарыдағы оқиғаларды білдіреді: табиғи апат, ауа райының төтенше жағдайлары, жер сілкінісі немесе дүлей апат сипатындағы басқа да құбылыстар, соғыс, көтеріліс, тәртіпсіздіктер, жұмысшылардың ереуілдері, лаңкестік актілері, үкімет шектеулері, биржалық және нарықтық қаулылар, сауда-саттықтың тоқтатыла тұруы, компьютер жүйелерінің істен шығуы немесе байланыс желісіндегі жаңылыстар, немесе биржалық орталықтағы құралдардың немесе жеткізу құралдарының істен шығуы.

7.11. Залалды өтеу кепілдігі. Сіз AIX FM және оның үлестес тұлғалары, директорларын, қызметкерлерін, мердігерлерін, агенттері мен бөгде қызмет жеткізушілерін

AIX FM және оның үлестес тұлғаларын, директорларын, мердігерлерін, қызметкерлерін, агенттерін және **бөгде өнім берушілерін** кез келген наразылықтардан, залалдардан және міндеттемелерден, шығыстардан, сот шешімдерінен, айыппұлдардан, сот процестерінен, сіздің Қосымшаға, біз көрсететін Қызметтерге қолжетімділігіңіздің және оларды пайдалануыңыздың нәтижесінде немесе осы Келісімге және Байланысты құжаттарға орай тікелей немесе жанама түрде туындайтын зиян мен шығыстардан (өзгеден басқа, сот шығыстарын және заңгерлік шығыстарды қоса) қорғауға және арашалауға келісесіз.

7.12. Құқықтардан және талаптардан бас тарту. Осы Келісімді сақтауды талап етуге қабілетсіздігіміз біздің қандай да бір құқықтарымыздан бас тартуымызды білдірмейді. AIX FM-нің Шартқа сәйкес немесе өзге негіздердегі қандай да бір құқықтарын, өкілеттіктерін немесе артықшылықтарын жүзеге асырудағы қапылыстар мен кідірістер, осындай құқықтарды, өкілеттіктерді немесе артықшылықтарды кез келген бөлек немесе жартылай жүзеге асырудың оларды кез келген басқа немесе одан әрі қарай жүзеге асыруға немесе кез келген басқа құқықтарды, өкілеттіктерді немесе артықшылықтарды жүзеге асыруға кедергі болмайтыны сияқты, олардан бас тарту ретінде қолданылмайды.

7.13. Реттеуші заң және юрисдикция. Осы Келісім АХҚО заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Егер осы Келісімнің шеңберіндегі міндеттемелерді орындау барысында қандай да бір дау туындаса, Клиент және AIX FM дауларды сотқа жүгінусіз 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

Егер пайдаланушы мен AIX FM келісімге келмесе, біз бен сіздің арасымыздағы осы Келісім бойынша немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау, соның ішінде оның бар болуына, шынайылығына немесе оны бұзуға қатысты кез келген мәселе алдымен АХҚО-ның Халықаралық төрелік орталығына («ХТО») Төрелік және Медиация қағидаларына сәйкес сотқа дейінгі реттеу үшін беріле алады. Шешілмеген даулар АХҚО Сотының Ережелері мен Қағидаларына сәйкес АХҚО Сотының қарауына және түпкілікті реттеуіне беріледі.

**Бізбен байланысыңыз**

Егер біздің Қосымшамызға қатысты қандай да бір сұрақтарыңыз бар болса, бізге [tabys@tabysapp.kz](mailto:tabys@tabysapp.kz) мекенжайы бойынша жазуыңызға болады